

Қамқоршылық кеңестің хаттамасы

Хаттама № 3

13 Қыркүйек 2023ж

Қатысқандар:

А.Г.Абугалиев -Мектеп директоры

А.Мурзагалиева -директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары,

А.Құлжабаева -Әлеуметтік педагог

Қамқоршылық кеңес мүшелері: комиссия төрайымы-А.Муканова,  
комиссия мүшесі- А.Сарсенова  
комиссия мүшесі,хатшы-Т.Муканова

Күн тәртібінде:

1. Ыстық тамақпен қамтылған оқушылар тізімі
2. Мектеп асханасының жай –күйін тексеру.

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің отырысын ашып, кеңестің күн тәртібіндегі қаралатын мәселелермен таныстырды.Қатысушыларға бірінші асхананың жәй күйін аралап келуді ұсынып,мектеп басшысы А.Абугалиев, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Мурзагалиева, Әлеуметтік педагог А.Құлжабаева және кеңес мүшелері болып арнайы ақ халат және бас киім кию арқылы асхананы тексеріп шықты.Ұсынылған тексерістен соң жиналысты одан әрі жалғастырып мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогіне сөз ұсынды.

А. Құлжабаева -әлеуметтік педагог:

2023-2024 оқу жылындағы қыркүйек айында мектептің бастауыш 1-4 сынып аралығында үш ауысымда 563 оқушыға, оның ішінде №64қаулы бойынша қорғаншылықтағы оқушы, аз қамтылған,көп балалы,жартылай жетім отбасы балалары -86 оқушы, АӘК алатын отбасы балалары бастауыш бойынша -6 оқушы, 5-11 сынып аралығындағы әлеуметтік аз қамтылған отбасынан - 53 оқушыға,(оның ішінде АӘК алатын отбасы балалары- 10 оқушы, Қамқоршылықтағы – 1 оқушы), бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылды. Мектеп асханасының жай-күйі тамақпен қамтылуы, мектеп оқушылары мен ата-аналар тарапынан, ұстаздар тарапынан ешқандай наразылық немесе ыстық тамақтың берілуіне байланысты шағымдар болған емес. Асхана жұмысы қалыпты, сапасы да жақсы. Асханада тазалық ережелерінің нормалары сақталған. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы,ұйымдастыру жұмысы бақылауда.

Сөйлеушілер:

1. Комиссия төрайымы- А.Муканова,

Бірінші мәселе бойынша Ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың тізімін қарап, Екінші мәселе бойынша асхананың жәй күйіне тоқталсақ ас сақтайтын орындар, тоназытқыштың жағдайларын қарап шықтық. Тамақтардың атап айтқанда (көкөністер, ет, жұмыртқа, секер, ұн, макарондар, май т.б) сақталуын сапасын қарадық. Сонымен қатар кондитерлік тағамдардың (тәтті тоқаш, бәліш) дәмін, сапасын қарадық. 1-4 сыныптарға ас мәзірі бойынша берілетін тағамдарды (котлетті, горох сүзбесін,) басқа тамақпен ауыстыруды ұсыныс білдірді

## 2. Комиссия мүшесі- А.Сарсенова

Кеңестің күн тәртібіндегі қаралған мәселелер бойынша қорытындылады Ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың тізімін қаралып, олардың талапқа сай екендері анықталды. Асхана мәселесі бойынша да балалар үшін дайындалған тағамдардың ас мәзірінде берілген нормаға сәйкестігі, калориясы, жалпы тамақтың сапасы жөнінде кеңес мүшелері болып жеке кәсіпкер С. Мырзахметованың және мектеп басшысы А. Аbugалиевтің келісімі арқылы қарап тексеріп шыққандарын айтты. Асханада сатылатын кейбір тағамдардың бағасын түсіруге ұсыныс берді.


## 3. Комиссия мүшесі, хатшы- Т.Муканова

Екінші мәселе бойынша балаларға қара нан берілсе деген, және тағыда балалардың қалауы бойынша басқа да тәттілер пісіруге ұсыныс білдірді.


Қамқоршылық кеңес қаулы етеді.

1. Ыстық тамақпен қамтылған 1-4 сынып аралығында үш ауысымда 563 оқушыға, 5-11 сынып 53 оқушыны уақытылы тамақ ішуін қадағалансын.
2. Мектеп асханасының ас мәзіріне, балалардың қалауы бойынша (басқада тәтті булқилер) пісіруге жасалған ұсыныс қадағалансын.

### Комиссия мүшелері:

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары:  А. Мурзагалjeва

Әлеуметтік педагог:

 А. Құлжабаева


«Қамқоршылық» кеңесінің төрайымы:


 А. Муканова

«Қамқоршылық» кеңесінің мүшелері:

 А. Сарсенова

 А. Есенгалjeва

 А. Хабибулина

 Л. Галимова

Жиналыс хатшысы:



Т. Муканова